

Қазақстан Республикасының Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 18-II

Қазақстан Республикасының БҰҰ Бас Ассамблеясының 1952 жылғы 20 желтоқсандағы 640 (VII) қарарымен қол қою және бекіту үшін ашық Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенцияға қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция

Бас Ассамблеяның 1952 жылғы 20 желтоқсандағы 640 (VII) қарарымен қол қою және бекіту үшін ашық .

ҮІ бапқа сәйкес 1954 жылғы 7 шілдеде күшіне енген

У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п т а р ,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында көрсетілген еркектер мен әйелдердің тең құқықтылығы принципін жүзеге асыруға ниеттене отырып, әр адамның тікелей немесе еркін сайланған өкілдері арқылы өз елін басқаруға қатысуға құқығы және өз елінде мемлекеттік қызметке тең рұқсат етілу құқығы бар екендігін мойындай отырып, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының қаулылары мен Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес еркектер мен әйелдердің саяси құқықтарға ие болуға және пайдалануға қатысты жағдайын теңестіруге ниеттене отырып; осы мақсат үшін конвенция жасасуды шешіп, осымен мына төмендегілер туралы келісті:

I-бап

Әйелдерге барлық сайлауларда қандай да болмасын кемсітусіз еркектермен тең жағдайда дауыс беру құқығы тиесілі.

II-бап

Әйелдер ұлттық заңмен белгіленген, жариялы сайлауды талап ететін барлық мекемелерде қандай да болмасын кемсітусіз еркектермен тең жағдайда сайлана алады.

III-бап

Әйелдерге еркектермен тең жағдайларда қандай да болмасын кемсітусіз қоғамдық-мемлекеттік қызметте лауазым атқару және ұлттық заңмен белгіленген барлық қоғамдық-мемлекеттік функцияларды орындау құқығы тиесілі.

IV-бап

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының кез келген мүшелері, сондай-ақ Бас Ассамблеядан шақыру алған кез келген басқа да мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Конвенция бекітуге жатады және бекіту грамоталары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

V-бап

1. Осы Конвенция IV-баптың 1-тармағында көрсетілген барлық мемлекеттердің қ о с ы л у ы ү ш і н а ш ы қ .

2. Қосылу ол туралы декларацияны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына тапсырумен жасалады.

VI-бап

1. Осы Конвенция алтыншы бекіту грамотасын немесе қосылу туралы бекітуді сақтауға тапсырған күннен есептегенде тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекітетін немесе алтыншы бекіту грамотасын немесе қосылу туралы декларацияны сақтауға тапсырғаннан кейін оған қосылатын әрбір мемлекет үшін Конвенция мұндай мемлекет өзінің бекіту грамотасын немесе қосылу туралы декларациясын сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

VII-бап

Қандай да болмасын мемлекет қол қою, бекіту немесе қосылу кезінде осы Конвенцияның қандай да болмасын бабына ескертулер ұсынған жағдайда бас хатшы осы ескертулердің мәтінін осы Конвенцияға қатысушы болып табылатын немесе болатын барлық мемлекеттерге хабарлайды. Бұл ескертпелерге қарсы пікір білдірген кез келген мемлекет көрсетілген хабарлау күнін есептегенде (немесе ол Конвенцияға қатысушы болған күннен бастап) тоқсан күндік мерзімнің ішінде бас хатшыға өзінің оны қабылдамайтындығын құлақтандырады. Мұндай жағдайда Конвенция осындай мемлекет пен ескертуді жасаған мемлекеттің арасында күшіне енбейді.

ҮІІІ-бап

1. Кез келген мемлекет осы Конвенцияны ол туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша құлақтандырып күшіне енгізе алады. Күшіне енгізу Бас хатшы бұл құлақтандыруды алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияның қолданылуы одан кейін Конвенциядағы елдердің саны алтыдан төмен болған күшіне енгізу күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

ІХ-бап

Кез келген екі немесе бірнеше Уағдаласушы Мемлекеттің арасында осы Конвенцияның түсіндірілуіне немесе қолданылуына байланысты пайда болған, келіссөздер тәртібімен шешілмеген кез келген дау, егер олар оны реттеудің басқа тәртібі туралы келіспесе, кез келген тараптың талап етуі бойынша Халықаралық Соттың шешуіне беріледі.

Х-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелерін және осы Конвенцияның ІҮ-бабының 1-тармағында айтылған Ұйымның мүшесі болмаған мемлекеттерге:

- a) ІҮ-бапқа сәйкес алынған қол қоюлар мен бекітілген грамоталар туралы;
- b) Ү-бапқа сәйкес алынған қосылу туралы декларациялар туралы;
- c) ҮІ-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне енетін күні туралы;
- d) ҮІІ-бапқа сәйкес алынған хабарлаулар мен құлақтандырулар туралы;
- e) ҮІІІ-баптың І-тармағына сәйкес алынған күшіне енуі туралы құлақтандырулар туралы ;
- f) ҮІІІ-баптың 2-тармағына сәйкес Конвенцияның қолданылуының тоқтатылуы туралы құлақтандырады.

ХІ-бап

1. Ағылшынша, испанша, қытайша, орысша және французша мәтіндері бірдей тең болып табылатын осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының архивіне сақтауға тапсырылады .

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның расталған көшірмелерін барлық мемлекеттерге - Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелеріне, сондай-ақ оның мүшелігінде тұрмайтындарға және 4-баптың 1-тармағында айтылған мемлекеттерге қайта жөнелтеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК